



«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқармасының
2022 жылғы 10 маусым
шешіміне 9 қосымшасы
№02/21 хаттама, №4 мәселе

«Әскерилендірілген
темір жол күзеті» ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2022 жылғы 10 маусым
№02/21 хаттама шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛГЕН ТЕМІР ЖОЛ КҮЗЕТІ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ**

ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл

1-бап. Жалпы ережелері

1. «Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасы (бұдан әрі – Заңнама) бойынша заңды тұлға болып табылады.

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» ашық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қыркүйектегі «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Арнайы әскерилендірілген күзет қызметі» және «Теміржолмүлік» еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» № 1227 қаулысына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2001 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» № 257 бұйрығына сәйкес құрылған.

Серіктестік «Әскерилендірілген темір жол күзеті» акционерлік қоғамының Жалғыз акционері – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 13 қарашадағы шешімі (№ 02/40 хаттама) негізінде «Әскерилендірілген темір жол күзеті» акционерлік қоғамын Серіктестік етіп қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болды.

2. Осы Жарғы Серіктестіктің атауын, орналасқан орнын, Серіктестіктің органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру, тоқтату шарттарын және Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

3. Серіктестіктің фирмалық атауы:

- мемлекеттік тілде:

толық атауы – «Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

қысқарған атауы – «ӘТЖК» ЖШС;

- орыс тілінде:

толық атауы – Товарищество с ограниченной ответственностью «Военизированная железнодорожная охрана»;

қысқарған атауы – ТОО «ВЖДО»;

- ағылшын тілінде:

толық атауы – Limited liability partnership «Military railway guard»;

қысқарған атауы – «MRG» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Аспара кешесі, 4/1 ғимарат.

5. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

2-бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі

6. Серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында әрекет ететін заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Заңнамаға, осы Жарғыға және Серіктестіктің езге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Серіктестік:

1) Арнайы әскерилендірілген күзет қызметі – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі «Қазақстан темір жолы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

2) Жалғыз акционер – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 13 қарашадағы шешімімен (№ 02/40 хаттама) бекітілген, тапсыру актісіне сәйкес «Әскерилендірілген темір жол күзеті» акционерлік қоғамы құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

7. Серіктестіктің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

8. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады, дербес теңгерімі, банктік шоттары, оның ішінде валюталық, фирмалық бланкілері және мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде толық атауы керсетілген мері, белгіленген тәртіппен тіркелген тауар белгісі болады.

9. Серіктестік өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Серіктестіктің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге құқылы.

3-бап. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы

10. Серіктестіктің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100 % (жүз пайызы) тиесілі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚТЖ) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады.

Жалғыз қатысушының орналасқан жері мен мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6-ғимарат.

Жалғыз қатысушының банктік деректемелері:

БСН 020540003431;

КБЕ 16, ЖСК KZ376010111000018002 (KZT)

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамының Астана өңірлік филиалында; БСК NSBKKZKX.

4-бап. Серіктестіктің мақсаты мен қызмет түрлері

11. Серіктестіктің негізгі мақсаты таза табыс табу.

12. Серіктестік қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) жүктерді күзету және ілеспе күзету, сондай-ақ ҚТЖ және оның аффилиирленген заңды тұлғаларының объектілерін күзету және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) ҚТЖ мен оның аффилиирленген тұлғаларының объектілерінде тексеріп қарау қызметтерін жүзеге асыру;

3) инженерлік жүйелер мен желілерді, оның ішінде әлсіз тоқты құрылғылардың ішкі жүйелерін, сондай-ақ сыртқы желілерді жобалау, ҚТЖ мен оның аффилиирленген тұлғаларының объектілеріндегі қауіпсіздіктің кешенді жүйелері мен бейне бақылау құралдарын монтаждау, орнату және техникалық қызмет керсету.

13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу қажет лицензияның немесе өзге де рұқсат түрінің, біліктілік аттестатының (куәлігінің) болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияны немесе өзге де рұқсат түрін, біліктілік аттестатын (куәлігін) алғаннан кейін жүзеге асырылады.

5-бап. Серіктестіктің құқықтары мен міндеттері

14. Серіктестік Жарғыда көзделген қызметті жүзеге асырған кезде барлық құқықтарға ие болады және Заңнамаға сәйкес міндеттер атқарады.

15. Серіктестік мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

16. Серіктестік Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты жалғыз қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі енгізген салымдар шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

17. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлік шегінде жауап береді.

18. Серіктестік өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар және өзге де келісімдер) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Заңнамада тыйым салынбаған басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

19. Серіктестік өз қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

статистикалық және қаржылық есептілікті жүргізеді, белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржылық, салықтық және статистикалық есептілікті ұсынады.

20. Серіктестік Заңнамаға сәйкес есеп пен есептіліктің барлық нысандарының анықтығы мен жүргізу тәртібін сақтамағаны үшін жауапты болады.

21. Серіктестік белгіленген тәртіппен банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашады.

22. Серіктестіктің Заңнамада белгіленген тәртіппен кепілгер (кепілгер) болуға, теңгемен және шетел валютасымен қарыз алуға құқығы бар. Серіктестік мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып ала алады, сондай-ақ өзінің қаржылық тәуекелдерін заңдарда көзделген тәртіппен туынды қаржы құралдары арқылы сақтандыра алады.

23. Серіктестік филиалдар мен өкілдіктерге Серіктестік тағайындайтын лауазымдар номенклатурасын, сондай-ақ жылдық еңбекақы телеу қорының мелшерін бекітеді. Филиал басшысы мен өкілдік басшысы Серіктестік берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

24. Серіктестіктің Заңнамада көзделген басқа да құқықтары мен басқа да міндеттері болуы мүмкін.

6-бап. Серіктестіктің мүлкі

25. Серіктестік мүлкін қалыптастыру көздері мыналар:

- 1) Жалғыз қатысушының жарғылық капиталға салымдары;
- 2) Серіктестіктің ез қызметінен алатын кірістері;
- 3) Заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер.

26. Серіктестіктің тоқсан, жартыжылдық немесе бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын белу Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес Серіктестіктің тоқсандық, жартыжылдық немесе жылдық қызметінің нәтижелерін қарау шегінде жүргізіледі.

27. Серіктестіктің ықтимал шығындары алдыңғы жылдардың белінбеген пайдасы есебінен етеледі.

7-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы

28. Серіктестіктің жарғылық капиталы 2 632 362 000 (екі миллиард алты жүз отыз екі миллион үш жүз алпыс екі мың) теңгені құрайды.

29. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік Серіктестіктің жарғылық капиталына салым бола алады.

30. Жарғылық капиталға жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

31. Жалғыз қатысушының Серіктестіктің жарғылық капиталына салымы оның Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі болып табылады және пайызбен көрсетіледі.

32. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

33. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту немесе азайту Заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-бап. Серіктестік органдары

34. Серіктестік органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;
- 2) қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

9-бап. Жалғыз қатысушының құқықтары мен міндеттері

35. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

1) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда кезделген тәртіппен Серіктестікті басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және осы Жарғыда көзделген тәртіппен оның бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен танысуға;

3) Заңға, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

5) Заңда кезделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) осы Жарғыда кезделген оның құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;

7) Қадағалау кеңесін шақыруды талап етуге құқығы бар.

36. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін

37. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

- 1) Жарғының талаптарын сақтауға;
- 2) Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;

3) Серіктестіктің коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерін жария етпеуге;

4) Серіктестік Басқармасына Жалғыз қатысушы атауының, орналасқан жерінің, мекенжайының, банк деректемелерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

38. Жалғыз қатысушы Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да міндеттерді атқара алады.

10-бап. Жалғыз қатысушының айрықша құзыреті

39. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Серіктестіктің жаңа редакциядағы Жарғысын бекіту;

2) Қадағалау кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау, Қадағалау кеңесінің төрағасын, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қадағалау кеңесінің мүшелеріне сыйақы тәуелсіз мөлшері мен шарттарын айқындау;

3) Серіктестік Басқармасын құру, Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін немесе Серіктестік Басқармасының жекелеген мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Серіктестік Басқармасының мүшелерін сайлау;

4) белгіленген тәртіппен Серіктестіктің бас директорын (Басқарма төрағасын) тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын айқындау;

6) Серіктестіктің қаржылық есептілігін бекіту және оның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу;

7) осы Жарғымен бекіту Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Жалғыз қатысушы бекітетін тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

8) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

9) тарату комиссиясын тағайындау және Серіктестіктің тарату баланстарын бекіту;

10) Серіктестіктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды, және оның көрсететін қызметтеріне ақы тәуелсіз мөлшерін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібін регламенттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес айқындау;

11) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан кеп пайызын құрайтын

мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді Серіктестіктің жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

12) шаруашылық серіктестіктерді, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, серіктестікке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да кеп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

13) Серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) құны Жалғыз қатысушы белгілеген шектен асатын Серіктестіктің мүлкін есептен шығаруды келісу;

15) Қадағалау кеңесі туралы ережені бекіту;

16) Басқарма туралы ережені бекіту;

17) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге салу туралы шешім;

18) Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

19) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

20) шешімдер қабылдау Заңнамамен және Жарғымен Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, оның ішінде ҚТЖ және/немесе «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) бекіткен құжаттармен Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құзыретіне жатқызылған мәселелер.

40. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің Жарғысында оның құзыреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

Жалғыз қатысушы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын екілеттіктерді Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының қолданылатын актілеріне қайшы келмейтін белігінде Қадағалау кеңесіне немесе Басқармаға беруге құқылы.

41. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестік органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

42. Жалғыз қатысушының шешімдері жазбаша түрде қабылданады және Жалғыз қатысушының шешімі түрінде ресімделеді. Жалғыз қатысушының шешімін жоюды Жалғыз қатысушының өзі Жалғыз қатысушының шешімі түрінде ресімделген келесі шешім қабылдау түрінде ғана жүзеге асыра алады.

11-бап. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі

43. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі Серіктестік Басқармасының қызметін, оның ішінде оның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады. Қадағалау кеңесі қызметінің және оның шешімдер қабылдау тәртібі осы Жарғыда, Қадағалау кеңесі туралы Ережеде және Жалғыз қатысушы қабылдаған езге де құжаттарда айқындалады.

44. Қадағалау кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрауы тиіс. Қадағалаушы кеңестің өкілеттік мерзімі заңдарда белгіленген мерзімнен аспауға тиіс.

Егер Жалғыз қатысушының шешімінде өзгеше көзделмесе, Қадағалау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Қадағалау кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

45. Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

46. Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, егер жалғыз қатысушының шешімінде өзгеше көзделмесе, жаңадан сайланған Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Қадағалау кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

47. Қадағалау кеңесінің құзыреті:

1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау және Серіктестіктің даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Даму стратегиясының іске асырылу мониторингін жүзеге асыру;

2) жалғыз қатысушы белгілеген тәртіппен Серіктестіктің даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

3) есепті қаржы жылы үшін Серіктестіктің қаржы есептілігін оны жалғыз қатысушы бекіткенге дейін алдын ала бекіту;

4) Жалғыз қатысушының алдын ала мақұлдауы және мәселелерді қарауына шығаруы;

5) мыналарды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ құжаттарында белгіленген сатып алу процедураларына сәйкес жасалатын мәмілелер

- «Самұрық-Қазына» АҚ-пен жалғыз қатысушымен, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде жалғыз қатысушыға тиесілі заңды тұлғалармен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мелшерінің оннан елу бір пайызына дейінгі мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе

иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе езара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

6) Жалғыз қатысушы осы мәмілелерді мақұлдаған жағдайда, нәтижесінде серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мелшерінің елу бір және одан кеп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында езара байланысты мәмілелерді Серіктестіктің жасасуы туралы шешім қабылдау;

7) Серіктестік Бас директорының (Басқарма төрағасының), Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мелшерін, сондай-ақ олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

8) Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы) мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің негізгі керсеткіштерін, олардың нақты және мақсатты мәндерін бекіту;

9) Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

10) Серіктестіктің Комплаенс-бақылаушысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Комплаенс-бақылаушы туралы ережені бекіту, серіктестіктің Комплаенс-бақылаушысының лауазымдық жалақысының мелшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

11) Қадағалау кеңесі хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақы мелшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, Қадағалау кеңесі хатшысының қызметін бағалау, Қадағалау кеңесі хатшысының жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту (ҚТЖ корпоративтік хатшысы аппаратымен келісім бойынша);

12) Серіктестіктің есеп саясатын бекіту;

13) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту (Жалғыз қатысушының Серіктестіктің ішкі құжаттарымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

14) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатымен Жалғыз қатысушы және Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Қадағалау кеңесі бекітетін тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

15) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

16) Серіктестіктің орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Серіктестікке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) акцияларын (қатысу үлестерін) Серіктестік тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясаттар тұжырымдау;

19) Серіктестіктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

20) Серіктестіктің басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

21) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

22) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

23) Серіктестікті корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау, ез құзыреті шеңберінде Серіктестіктің тиісті құжаттарындағы өзгерістерді бекіту;

24) ез құзыреті шеңберінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын мониторингтеу және реттеуге қатысу;

25) «Самұрық-Қазына» АҚ қолданылатын актілеріне және Жалғыз қатысушы мен Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық ететін маңызды және ірі инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ рентабельділігі төмен және өзге де жобалар бойынша алдын ала шешім қабылдау;

26) шешім қабылдау Жарғымен жатқызылған өзге де мәселелерді, сондай-ақ Серіктестіктің, ҚТЖ және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ Қадағалау кеңесі бекіткен құжаттармен Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау жатады.

48. Қадағалау кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Серіктестіктің Бас директорына (Басқарма төрағасына) немесе Басқармасына беруге болмайды.

49. Қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана әрекет ете алады. Ол бір мезгілде Серіктестік Басқармасының мүшесі бола алмайды.

50. Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар Заңнамада және Жалғыз қатысушының құжаттарында езгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.

51. Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы) мен Басқармасының мүшелері бір мезгілде Қадағалау кеңесінің мүшелері бола алмайды.

52. Қадағалау кеңесінің төрағасын Жалғыз қатысушы сайлайды. Қадағалау кеңесінің төрағасы:

- 1) Қадағалау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қадағалау кеңесінің отырыстарын жүргізеді;
- 3) Серіктестіктің атынан Бас директормен (Басқарма төрағасымен) еңбек келісімшартын жасасады және Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіппен Бас директорды (Басқарма төрағасын) тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықтар шығарады;
- 4) Жалғыз қатысушыға Қадағалау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы есептер ұсынады.

53. Қадағалау кеңесінің отырысы Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесі төрағасының немесе мүшесінің немесе Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) немесе оны алмастыратын адамның бастамасы бойынша шақырыла алады.

54. Қадағалау кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

55. Қадағалау кеңесінің отырысын еткізу үшін кворум Қадағалау кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

56. Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

57. Қадағалау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Қадағалау кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

58. Қадағалау кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер Қадағалау кеңесі туралы ережеге сәйкес хаттамамен ресімделеді.

59. Қадағалау кеңесінің мүшелері Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

12-бап. Серіктестіктің атқарушы органы

60. Басқарма Серіктестіктің алқалы атқарушы органы болып табылады, оның құзыретіне Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын, Заңнамада, Серіктестік Жарғысында немесе Жалғыз қатысушы қабылдаған езге де құжаттарда айқындалған Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

61. Басқарма құзыреті:

1) Жалғыз қатысушының және Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің шешімдерін іске асыру;

2) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау;

3) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

4) Серіктестік филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

5) Серіктестіктің орталық аппаратының және филиалдарының/екілдіктерінің штаттық кестесін бекіту;

6) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату;

7) Серіктестіктің Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарын бекіту;

8) Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жататын шешімдерді қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

9) Серіктестіктің үмітсіз дебиторлық берешегін белгіленген тәртіппен есептен шығару туралы шешімдер қабылдау;

10) Серіктестіктің даму жоспарын (бизнес-жоспарын) мақұлдау және Қадағалау кеңесінің қарауына шығару;

11) Қадағалау кеңесіне Серіктестіктің даму жоспарының (бизнес-жоспарының) және Серіктестік бюджетінің орындалуы жөніндегі есепті Жалғыз қатысушы белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде ұсыну;

12) Серіктестіктің даму жоспары (бизнес-жоспары) шеңберінде Серіктестіктің (нақтыланған) бюджетін бекіту;

13) бағалаушының жарғылық капиталға салым ретінде берілген Серіктестік мүлкінің нарықтық құнын бағалау жөніндегі қызметтеріне ақы телеу мөлшерін айқындау;

14) Серіктестіктің меншігіне қатысты құқыққа сай емес әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

15) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің бірден он пайызына дейін құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе езара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

16) Серіктестіктің әкімшілік қызметкерлерінің (серіктестіктің бас директорын (Басқарма төрағасын), Басқарма мүшелерін, сондай-ақ Қадағалау кеңесіне бағынатын және есеп беретін қызметкерлерді қоспағанда) еңбегіне ақы телеу туралы қағидаларды және лауазымдық айлықақылар схемасын бекіту;

17) Серіктестіктің салықтық есепке алу саясатын бекіту;

18) Серіктестіктің басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

19) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Серіктестіктің қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

20) Серіктестік Бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігін алдын ала мақұлдау;

21) Серіктестіктегі ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және Қызметтің үздіксіздігі ресімдерін әзірлеу мен қолдануды қамтамасыз ету;

22) Заңнамада және (немесе) Жарғыда кезделген, Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын езге де мәселелер, оның ішінде Серіктестіктің, ҚТЖ және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ Қадағалау кеңесі бекіткен құжаттармен Серіктестік Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер.

62. Басқарма мүшелерінің саны үштен кем болмауы тиіс. Басқарма Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма мүшелері Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының талап етуі бойынша олардың Серіктестікке келтірген залалдарын етеу бойынша жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Бұл ретте, олар серіктестікті бірлесіп тиісті емес түрде басқару салдарынан болған залалдар үшін бірдей жауапкершілікте болады. Басқарма мүшелерінің Серіктестікті басқаруды тиісінше жүзеге асырмауынан туындаған Серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттығы) салдарынан осы адамдар шеккен залалдар үшін басқарма мүшелері Серіктестікпен бірге үшінші тұлғалар алдында ортақ субсидиарлық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

63. Серіктестіктің қызметкерлері ғана Басқарма мүшелері бола алады.

64. Басқарма мүшелері Серіктестік қызметін басқаруды Басқарма отырыстарына қатысу арқылы жүзеге асырады.

65. Бас директордың (Басқарма төрағасының) шешімі бойынша Серіктестік Басқармасының мүшелеріне белгіленген тәртіппен оның қандай да бір өкілеттігі берілуі мүмкін.

66. Басқарма отырыстарында шешімдер отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда Басқарма шешім қабылдауға құқылы (кворум).

67. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарманың дауыс беруі кезінде дауыстар тең болған жағдайда Бас директордың (Басқарма төрағасының) дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын езге тұлғаға, оның ішінде Серіктестік Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

68. Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

13-бап. Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы)

69. Серіктестіктің бас директоры Серіктестік Басқармасының төрағасы болып табылады, Серіктестік Басқармасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және оның отырыстарын басқарады.

70. Бас директор (Басқарма төрағасы) Серіктестіктің қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады.

71. Бас директорды (Басқарма төрағасын) белгіленген тәртіппен Жалғыз қатысушы сайлайды.

72. Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы):

1) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесі мен Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қадағалау кеңесінің алдында даму жоспарын іске асыру туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынастарында оның мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді. Мұндай сенім білдірілген адамдар, егер оларға алынған сенімхатта осыған уәкілеттік берілген болса, қайта сенім білдіру тәртібімен сенімхаттар беруге құқылы;

5) наразылықтар мен талап-арыздар береді және оларға қол қояды, талап қоюлардан бас тартады, талап қою шарттарын өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;

6) құзыреті шегінде бұйрықтар мен екімдер шығарады;

7) Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты белгіленген тәртіппен Серіктестіктің атынан еңбек шарттарын жасасады және тоқтатады, оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру/ауыстыру және жұмыстан шығару, оларға демалыс беру және оларды іссапарға жіберу туралы бұйрықтар шығарады, кетермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады, Серіктестіктің бекітілген лауазымдық жалақыларының схемасы негізінде лауазымдық жалақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру және сыйақылардың басқа да түрлері мәселелерін шешеді;

8) белгіленген тәртіппен ұжымдық шарттар жасасады;

9) Серіктестіктің жұмыс тәртібін белгілейді;

10) Серіктестіктің банктік және басқа да шоттарын ашады;

11) Басқарма мүшелері мен Серіктестіктің өзге де қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ екілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

12) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне, ал Басқарма мүшелері болмаған жағдайда – Серіктестік қызметкерлерінің біріне жүктейді;

13) Қадағалау кеңесін Серіктестіктегі тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер туралы уақтылы хабардар етеді;

14) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі туралы ақпарат береді;

15) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мелшерінің бір пайызына дейін құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені (мәмілелерді) Серіктестіктің жасасуы туралы шешімдер қабылдайды;

16) Заңнамада, Жарғыда, Жалғыз қатысушының, Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мен Басқармасының шешімдерінде айқындалған Серіктестіктің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

73. Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) өкілеттігі оның шешімі бойынша Серіктестіктің өзге қызметкерлеріне олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша берілуі мүмкін.

74. Бас директор (Басқарма төрағасы) өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен қабылданатын шешімдер үшін Заңнамада белгіленген жауаптылықта болады.

14-бап. Серіктестіктің сыртқы аудиті

75. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің аудиті Бас директордың (Басқарма төрағасының), Қадағалау кеңесінің бастамасы бойынша не Жалғыз қатысушының талабы бойынша жүргізілуі мүмкін. Аудиторлық ұйым аудиторлық ұйымды таңдау тәртібін регламенттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады.

76. Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда Серіктестік аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

15-бап. Комплаенс-бақылаушы

77. Серіктестіктің және оның еншілес ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптарды сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңнамаға және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік халықаралық практикасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау механизмін енгізу үшін Серіктестікте Комплаенс-бақылаушы тағайындалады.

78. Комплаенс-бақылаушының құзыреті мен қызмет тәртібі белгіленген тәртіппен Қадағалау кеңесі бекітетін Комплаенс-бақылаушы туралы ережемен және ҚТЖ-ның өзге де құжаттарымен айқындалады.

16-бап. Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің қызметі туралы құжаттар мен ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдері

79. Серіктестік ез қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің WEB - сайтында жариялайды (www.vjdo.kz) Интернет желісінде және (немесе) Заңнамада белгіленген тәртіппен белгіленген көлемде және мазмұнда, жағдайларда және тәртіппен айқындалған мерзімді баспасөз басылымында орналастырылады.

80. Серіктестік Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

81. Серіктестіктің Басқармасы Жалғыз қатысушыны:

- 1) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы;
- 2) үмітсіз жағдайды шешудің кез келген тәртібін бастамашылық ету туралы хабардар етуге міндетті.

82. Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы құжаттар мен ақпаратты ұсыну жазбаша сұрау салуда белгіленген мерзімдерде немесе жалғыз қатысушыдан жазбаша сұрау салу келіп түскен кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.

83. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар оның орналасқан жері бойынша Серіктестік қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақталуға тиіс.

17-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру, тарату

84. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімі бойынша не Заңнамада кезделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

85. Серіктестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.


18-бап. Қорытынды ережелер

86. Осы Жарғы белгіленген тәртіппен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

**«Әскерилендірілген
темір жол күзеті» ЖШС
Бас директоры
(Басқарма төрағасы)**

А. Ерденов
Ерденов Азиев
Биржанович

А. Ерденов



Приложение 9 к решению
Правления АО «НК «ҚТЖ»
от 10 июня 2022 года,
протокол №02/21, вопрос №4

УТВЕРЖДЕН

решением Единственного
участника ТОО
«Военизированная
железнодорожная охрана»
от 10 июня 2022 года,
протокол №02/21

УСТАВ

**ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«ВОЕНИЗИРОВАННАЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ ОХРАНА»**

г. Нур-Султан, 2022 год

Статья 1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Военизированная железнодорожная охрана» (далее – Товарищество) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан (далее – Законодательство).

Открытое акционерное общество «Военизированная железнодорожная охрана» было создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 22 сентября 2001 года № 1227 «О реорганизации дочерних государственных предприятий Республиканского государственного предприятия «Қазақстан темір жолы» «Специальная военизированная служба охраны» и «Желдоримущество», приказом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан № 257 от 15 октября 2001 года «О реорганизации дочерних государственных предприятий Республиканского государственного предприятия «Қазақстан темір жолы».

Товарищество возникло в результате преобразования акционерного общества «Военизированная железнодорожная охрана» в товарищество на основании решения Единственного акционера акционерного общества «Военизированная железнодорожная охрана» – Правления акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» от 13 ноября 2019 года (протокол № 02/40).

2. Настоящий Устав определяет наименование, место нахождения Товарищества, порядок формирования и компетенцию органов Товарищества, условия реорганизации, прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие Законодательству.

3. Фирменное наименование Товарищества:

- на государственном языке:

полное наименование – «Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

сокращенное наименование – «ӘТЖК» ЖШС;

- на русском языке:

полное наименование – Товарищество с ограниченной ответственностью «Военизированная железнодорожная охрана»;

сокращенное наименование – ТОО «ВЖДО»;

- на английском языке:

полное наименование – Limited liability partnership «Military railway guard»;

сокращенное наименование – «MRG» LLP.

4. Место нахождения и адрес Товарищества: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Сарыарка, улица Аспара, здание 4/1.

5. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

Статья 2. Юридический статус Товарищества

6. Товарищество является юридическим лицом, действующим в организационно-правовой форме товарищества с ограниченной ответственностью, и осуществляет свою деятельность в соответствии с Законодательством, настоящим Уставом и иными внутренними документами Товарищества.

Товарищество является правопреемником прав и обязанностей:

1) Специальной военизированной службы охраны – дочернего государственного предприятия Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Қазақстан темір жолы» Министерства транспорта и коммуникации Республики Казахстан;

